



**ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ  
СЕРІКТЕСТІК**





Тұрақтандырылған және тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектер мен газ күйінде өндірілген өнім көлемі

**134,1**

млн мұнай баррелінің баламасы



Жұмыс уақытын жоғалту оқиғаларының көрсеткіші

**0,03**



Тіркелуге жататын оқиғалардың жалпы көрсеткіші

**0,09**



Жол-көлік оқиғаларының көрсеткіші

**0,00**



Газды кәдеге жарату

**99,94%**



КПО сатып алу қызметіндегі жергілікті қамту үлесі

**68,56%**



Шетелдік мамандарды жергілікті қызметкерлермен ауыстыру: Башылық лауазымдағы қызметкерлер

**85%**



Кәсіби мамандар және бағынышты қызметкерлер

**98%**

# БАС ДИРЕКТОРДЫҢ АЛҒЫСӨЗІ

**Шығарындыларды азайту бойынша шаралар мен технологияларды сәтті жүзеге асыру арқылы КПО газды кәдеге жарату бойынша 99,94% көрсеткішіне қол жеткізді және шығарындыларды азайту процесі мен технологияларды сәтті қолданудың арқасында Компанияның жалпы экологиялық көрсеткіштері әлемдік деңгейде қалды.**



Құрметті оқырмандар!

КПО компаниясы үздік қолжетімді технологияларды қолдану және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ стандарттарын сақтау арқылы Қарашығанақ кен орнын игеруді жалғастырады. Сондай-ақ біз аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму мүмкіндіктерін жақсартуға өз үлесімізді қосып келеміз.

2021 жылы Қарашығанақ кен орнында мұнай баламасында 134,1 млн баррель көмірсутек өндірілді. 10,0 млрд текше метр құрғатылған қышқыл газ қабатқа кері айдалды, бұл жалпы өндірілген газ көлемінің 52,7%-на тең. Жалпы алғанда, қолданып келе жатқан жүйелі тәсілдеріміздің арқасында біз өндірісте шынымен де керемет жетістіктерге қол жеткіздік.

Коронавирус індеті салдарынан болған дүниежүзілік мұнай-газ белсенділіктің төмендеуіне қарамастан, КПО-ның өндірістік нысандары қауіпсіздік талаптарына және 2021 жылға белгіленген өндіріс бойынша мақсатты көрсеткіштерге сай жұмыс жасады.

КПО өзінің қызметкерлері мен мердігерлік ұйым қызметкерлерін өз еркімен вакцина алуға ынталандырып, COVID-19-дың алдын алуға бағытталған бағдарламаны белсенді түрде іске асырды. 2021 жылы компаниядағы вакцина алған қызметкерлердің үлесі 93%-ға жетті.

Біз қоршаған ортаға әсерлерді анықтау және оларды бақылау үшін, сонымен қатар бұл саладағы көрсеткіштерімізді үнемі жақсарту мақсатында кешенді экологиялық менеджмент жүйесін қолданып келеміз. Эмиссияларды азайту, қалдықтарды басқару және жаңа технологияларды қолдану – Компанияның басты назарында. КПО-ның CO<sub>2</sub> шығарындылары бойынша арнайы көрсеткіші өндірілген көмірсутектердің мың тоннасына шаққанда 68 тоннаны құраса, парниктік газ шығарындыларының азайтылған көлемі CO<sub>2</sub> баламасының 251,3 мың тоннасына жетті. Шығарындыларды азайту бойынша шаралар мен технологияларды сәтті жүзеге асыру арқылы КПО газды кәдеге жарату бойынша 99,94% көрсеткішіне қол жеткізді және шығарындыларды азайту процесі мен технологияларды сәтті қолданудың арқасында Компанияның жалпы экологиялық көрсеткіштері әлемдік деңгейде қалды.

КПО Қарашығанақ кен орнын игеруге Қазақстандық жеткізушілер мен өндірушілерді жұмылдыру мақсатында белсенді жұмыс атқарып келеді. 2021 жылы КПО-ның тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді жеткізу келісім шарттарындағы жергілікті қамту үлесі 68,56 пайызды құрады.

Сонымен қатар, біз «Парыз-2021» Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі ұлттық конкурсының гран-при жүлдесімен марапатталдық. Бұл елеулі марапатты бүкіл КПО-ның атынан алу мен үшін үлкен мәртебе болды.

Сізді кітапшаны оқып, онымен танысып шығуға шақырамын, кітапшада берілген ақпарат Компанияның негізгі қызметтерін жете түсінуге көмектеседі деп сенемін. Толығырақ ақпаратты КПО-ның жыл сайынғы тұрақты даму есебінен және [www.kpo.kz](http://www.kpo.kz) веб-сайтынан табуға болады.


Джанкарло Рую  
КПО бас директоры



БҰҰ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ТҰРАҚТЫ ДАМУ КОДЕКСІНДЕ  
АЙҚЫНДАЛҒАН ҚАҒИДАЛАР АРҚЫЛЫ ЖЕТУ



1-СУРЕТ. ҚАРАШЫҒАНАҚ КЕН ОРНЫНЫҢ ӨНДІРІСТІК  
НЫСАНДАРЫ МЕН ӨНІМІ



**ҰҢҒЫМАЛАР ҚОРЫ**

Ұңғымалардың жалпы қоры	468
Жұмыстағы өндіруші ұңғымалар	118
Кері айдау ұңғымалары	19

## КПО НЫСАНДАРЫ

Көмірсутектерді өндіру мен өңдеу жұмыстары бір-бірімен байланысқан негізгі үш қондырғыда іске асады: Қарашығанақ өңдеу кешені (ҚӨК), ГҚДҚ-2 мен ГҚДҚ-3. Негізгі нысандарды байланыстырып, өндірістік ағындарды ұңғымадан қондырғыларға қарай және қондырғылар арасында бағыттап, өнімдерді жинауға және бөлуге арналған ішкі өндірістік құбырлар жүйесі шамамен 2000 км-ді құрайды. Сондай нысандардың қатарына Мұнайды бастапқы өңдеу станциясы мен Экоорталық жатады.

2021 жылдың аяғына қарай Қарашығанақ кен орнының жалпы қоры 468 ұңғыманы құрады, оның ішінде 118 өндіру мен 19 кері айдау ұңғымалары жұмыс істейді.

## БІЗДІҢ ӨНІМДЕР ЖӘНЕ ЭКСПОРТТЫҚ БАҒЫТТАР

КПО тұрақтандырылған және тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектерді, тазартылмаған газды және жанармай газын өндіреді және өңдейді.

2021 жылы 10,366 млн тонна немесе 82,1 млн баррель көлемінде шикі мұнай батыс нарықтарына – КҚК құбыры арқылы Қара теңіздегі Новороссийск портына және Атырау-Самара құбыры арқылы одан әрі Балтық теңізіндегі Усть-Луга портына жөнелту үшін «Транснефть» жүйесіне экспортталды.

КПО 2021 жылы қабат қысымын ұстап тұру үшін ~ 10,0 млрд м<sup>3</sup> газды кері айдады, ол өндірілген газдың шамамен 52,7% -на тең.

### 2-СУРЕТ. ЭКСПОРТТЫҚ БАҒЫТТАР



# ӨНДІРУ ЖӘНЕ ӨНІМДІ САТУ

1-кесте. 2021 жылғы өндіріс көлемі

		2019	2020	2021
Жалпы өндіріс көлемі*	млн м.б.б.	137,9	143,9	<b>134,1</b>
Тұрақтандырылған мұнайдың жалпы көлемі	мың т	10 147	10 941	<b>10 338</b>
Газ өндірісінің жалпы көлемі	млн ст. м <sup>3</sup>	18 615	20 214	<b>18 980</b>
Газды кері айдау көлемі	млн ст. м <sup>3</sup>	8 711	10 362	<b>9 998</b>
Сатылмаған, қабатқа кері айдалған газ көлемі				
ҚӨК-де ішкі қажеттіліктер үшін пайдаланылған Тазартылған газ	млн ст. м <sup>3</sup>	685,4	851,0	<b>789,0</b>

\* Жалпы өндіріс көлемі бойынша көрсеткіштерде қабатқа кері айдалған газ көлемі қамтылмаған

2-кесте. 2021 жылғы сатылымдар

		2019	2020	2021
Жалпы сатылымдар көлемі	млн м.б.б.	134,7	139,4	<b>139,4</b>
Тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектер	мың т	9,9	24	<b>1,5</b>
Орынбор ГӨЗ және шағын МӨЗ жеткізілетін конденсат				
Тұрақтандырылған сұйық көмірсутектер	мың т	10 160	10 857	<b>10 857</b>
Тұрақтандырылған сұйық көмірсутектер КҚК және Атырау-Самара құбыры арқылы жеткізілетін				
Тазартылмаған газ	млн ст. м <sup>3</sup>	9 113	8 986	<b>8 182</b>
Орынбор ГӨЗ-на жіберілетін				
Тазартылған газ	млн ст. м <sup>3</sup>	89	90	<b>90</b>
БҚО тұрғындарының қажеттіліктері үшін				



2021 ЖЫЛЫ КПО КОМПАНИЯСЫ ТҰРАҚТАНДЫРЫЛҒАН ЖӘНЕ ТҰРАҚТАНДЫРЫЛМАҒАН СҰЙЫҚ КӨМІРСУТЕКТЕР КҮЙІНДЕ 134,1 МЛН МҰНАЙ БАРЕЛІНІҢ БАЛАМАСЫНДА (М.Б.Б.) ӨНІМ ӨНДІРДІ. 2021 ЖЫЛЫ ГАЗДЫ ЖЕТКІЗУ КӨЛЕМІ 8,182 МЛРД М<sup>3</sup> ЖЕТТІ.



# ӨНДІРІСТІҢ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙЛІ МЕРЗІМІН ҰЗARTУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖОБАЛАР



ҚӨК ГАЗЫ БОЙЫНША  
ӨНДІРІСТІК ШЕКТЕУЛЕРДІ  
АЛУ (ҚҒӨША) ЖОБАСЫ



4-ГАЗДЫ КЕРІ АЙДАУ  
КОМПРЕССОРЫ  
ЖОБАСЫ



ҚАРАШЫҒАНАҚТЫ  
КЕҢЕЙТУ ЖОБАСЫ-1А  
(ҚКЖ-1А)

## ҚАРАШЫҒАНАҚТЫ КЕҢЕЙТУ ЖОБАСЫ-1А (ҚКЖ-1А)

2020 жылғы желтоқсан айында Қарашығанақ жобасы бойынша серіктестер Қарашығанақты кеңейту жобасы-1А (ҚКЖ-1А) жобасын санкциялау келісіміне қол қойды. ҚКЖ-1А жобасы ҚӨК газы бойынша өндірістік шектеулерді алу (ҚҒӨША) және 4-газды кері айдау компрессоры (4-компрессор) жобаларын жүзеге асыру кезінде жеткен жетістіктер негізделіп орындалатын Қарашығанақ кен орнын үздіксіз дамытудың жаңа әрі маңызды кезеңі. ҚҒӨША жобасы биылғы жылдың 1-тоқсанында мерзімінен бұрын сәтті аяқталды және 2021 жылы болған қиыншылықтарға қарамастан, КПО 4-газды кері айдау компрессоры жобасы бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын сәтті аяқтады және нысанды іске қосуға дайындап, 2021 жылдың басында

аяқтады. «5-газды кері айдау компрессорының және басқа да ілеспе нысандардың құрылысын көздейтін ҚКЖ-1А жобасы сұйық көмірсутектер өндірісінің жоғары деңгейлі мерзімін ұзартуға бағытталған, бұл, өз кезегінде, Қазақстан Республикасы мен Қарашығанақ жобасының серіктестері үшін зор үлес қосып, қосымша пайда әкелуге мүмкіндік береді. Бұл жоба аясында Қазақстан азаматтары үшін жаңа жұмыс орындары құрылады. Жобаны іске асыру кезіндегі КПО басты мақсаттарының бірі – жергілікті мердігерлердің бәсекеге қабілеттілігін жақсарту мақсатында жергілікті қамтуды барынша арттыру. Жоба 2021 жылдың шілдесінде берілді және қазір жоспарға сәйкес орындалып жатыр.





# ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ


Қарашығанақ сияқты техникалық тұрғыдан күрделі мұнай, газ және конденсат кен орнын игеру және пайдалану кезінде қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету табысты жұмыстың шешуші факторы болып табылады. Табиғатпен үйлесімді жұмыс жасау – қиын да күрделі іс. Бұл саладағы КПО-ның жетістіктері тек Қазақстандағы сала бойынша әріптестермен емес, сонымен қатар халықаралық деңгейде де танылды.

КПО жоба операторы ретінде өз мойнына жауапкершілік алғаннан бері 1998 және 2021 жылдар аралығында КПО өз қызметін жүргізетін аймақтың қоршаған ортасын қорғауға бағытталған арнайы табиғат қорғау шараларын жүзеге асыруға 445,4 млн АҚШ доллары көлемінде инвестиция жасады. Қазақстан аймағында қазір көпшілікке белгілі болған “Жасыл экономика” стратегиясы Қарашығанақ кен орнында консорциум жұмыс бастағаннан бері жүзеге асырылуда. КПО өз қызметтерін аймақтағы биоалуантүрлілігін сақтап, орта экожүйесіне барынша аз ықпал етіп жүргізуді көздейді. Сондықтан да кен орны аймағында аққуларды, түлкілерді, тіпті “Қызыл кітапқа” енген сирек жануарларды кездестіруге болады.



Компания тек заманауи жабдықтарды пайдаланып, мұнай-газ өнеркәсібіндегі ең озық технологияларды қолданады. Сондай-ақ ластаушы заттар шығарындыларын азайту, қалдықтарды кәдеге жарату мен жаңа технологияларды енгізуге бағытталған шаралар басты назарда. 2021 жылғы Қарашығанақ кен орнындағы газды кәдеге жарату көрсеткіші 99,94%-ды құрады, бұл әлемдік деңгейдегі көрсеткіш.

1-сызба. Газды жағу және кәдеге жарату, 2006–2021 жылдар аралығы





## ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІ

Компания қауіп-қатер факторларын бастапқы кезеңде анықтауды, қоршаған ортаға тиетін кері әсерді жоюды және осы саладағы көрсеткіштерді үздіксіз жақсартуды көздейтін қоршаған ортаны және энергетикалық басқару жүйелерін іске асырып келеді.

- 2021 жылғы тамызда КПО ISO 14001:2015 және ISO 50001:2018 стандарттарының талаптарына сәйкестік бойынша сертификаттау аудитін сәтті аяқтады. Аудит нәтижесінде компанияда бір де бір ережеге сәйкессіздік анықталған жоқ, ал компанияның экологиялық және энергетикалық менеджмент жүйелері тиімді деп танылды және халықаралық стандарттарға сәйкес жүргізілетіні расталды.





# ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

## АТМОСФЕРАҒА ТАСТАЛАТЫН ШЫҒАРЫНДЫЛАР

2021 жылғы қоршаған ортаны қорғау шараларын жүзеге асыру Компанияға келесі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді:

## АТМОСФЕРАҒА ТАСТАЛАТЫН ШЫҒАРЫНДЫЛАР

- 110-1 ұңғымасының игеру кезінде кезінде жоғары қысымды сепараторларды пайдалану ауаны ластаушы заттардың көлемін 223,46 тоннаға азайтуға мүмкіндік берді;
- Мұнайды айдау үшін жоғары қысымды сорғыны пайдалану ауаны ластаушы заттардың көлемін 2 571,32 тоннаға азайтуға мүмкіндік берді;
- Қабатқа әсер ету үшін көмірсутек негізіндегі сұйықтықтарды (Lamix немесе Diesel) пайдалану ауаны ластаушы заттардың көлемін 16,10 тоннаға азайтуға мүмкіндік берді.

## ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЖӘНЕ АҒЫНДЫ СУЛАРДЫ БАСҚАРУ

Бұл саладағы жұмыстар түзілетін қалдықтардың адамдар мен қоршаған ортаға нақты және ықтимал қаупін азайтуға бағытталған. Компанияда қалдықтарды өңдеудің келесі әдістері қолданылады, атап айтқанда:

- Қалдықтарды өндірістік процеске қайта жіберу;
- Қалдықтарды Экоорталық қондырғыларында өңдеу;
- Қалдықтарды Экоорталық нысандарында жою;
- Қалдықтарды әрі қарай кәдеге жаратумен, өңдеумен және жоюмен айналысатын мамандандырылған мердігерлік ұйымдарға беру.

## 2021 жыл қорытындысы бойынша:


Қалдықтарды қауіпсіз және тиімді басқару жүйесін ұйымдастыру, сондай-ақ түзілетін қалдықтардың адамдар мен қоршаған ортаға нақты және ықтимал қаупін азайту мақсатында 2021 жылы КПО келесі негізгі іс-шараларды жүзеге асырды:

- Бұрғылау ерітіндісі мен тұзды ерітінділерді дайындауға 4 440,2 тонна өңделген сұйықтық, тұзды ерітінді мен шығарылған мұнай пайдаланылды.
- 790,15 тоннаны құрайтын қалдықтардың сұрыпталған компоненттері жалпы мақсаттағы қоқыс жағатын пештерге жіберіліп, тек 83,06 тонна қалдық тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарында орналастырылды.
- Сұрыпталған және өңдеуге және қайталама шикізат ретінде қайта пайдалануға жіберілген қалдық көлемі:
  - 98,02 тонна макулатура – бұл көрсеткіш 2020 жылмен салыстырғанда 3,2%-ға көбірек (101,3 тонна);
  - 7,88 тонна метал қалдықтары – бұл көрсеткіш 2020 жылмен салыстырғанда 11,4%-ға азырақ (8,9 тонна);
  - 21,2 тонна пластик – бұл көрсеткіш 2020 жылмен салыстырғанда 10,9%-ға азырақ (23,8 тонна).
- Пайдалы компоненттерді қалпына келтіру/қоқысты өртеу нәтижесінде қоршаған ортаға тасталған қалдықтар көлемі 84%-ға азайды;
- 2 550,02 тонна құрылыс қалдықтары арнайы ұйымдарға қайта өңдеуге және қайта пайдалануға жіберілді;
- 2021 жылы ҚМГКК-да бұрғылау ерітінділерін дайындау, теректерді суару және шаң басу мақсатында қайта пайдаланылған тазартылған ағынды сулардың көлемі 31 699 м<sup>3</sup> құрады. Бұрғылау бағдарламасының қысқартылуына байланысты тазартылған ағынды сулардың аз мөлшері бұрғылау мақсатында пайдаланылды. Тазартылған ағынды сулардың негізгі мөлшері құрылыс алаңдарындағы шаңды басу үшін және ҚӨК нысанының техникалық қажеттіліктері үшін пайдаланылды.

## ПАРНИКТІК ГАЗ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

2021 жылғы КПО-ның арнайы CO<sub>2</sub> шығарындылары көрсеткіші өндірілген КС мың тоннасына шаққанда 63 тонна CO<sub>2</sub> құрады. КПО-дағы көмірсутек шикізатын өндіру бірлігіне шаққандағы парниктік газдар шығарындылары еуропалық көрсеткіштерден 24%-ға және халықаралық көрсеткіштерден 56%-ға төмен.

2-сызба. ПГ меншікті шығарындылары, 2019-2021 жж.



## ҚОРШАҒАН ОРТА МОНИТОРИНГІ

Өндірістік экологиялық бақылау (ӨЭБ) бағдарламасына сәйкес, КПО қоршаған ортаны қорғау бағытында жан-жақты мониторинг жүргізеді. Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы аясында өндірістік қызметтердің қоршаған ортаға ықтимал әсерін бағалау мақсатында қоршаған ортаға шығарылатын эмиссияларға (шығарындылар, ағын сулар, қалдықтарды өңдеу және жою), сонымен қатар қоршаған орта компоненттерінің сапасына (атмосфералық ауа, жер үсті және жер асты сулары, топырақ) бақылау жүргізіледі.

ӨЭБ бағдарламасы сынамалар алу/өлшем жүргізу орындарын, анықталатын компоненттердің тізімі мен мониторинг жүргізу жиілігін бекітеді.

КПО аккредиттелген зертхана алатын сынамалар мен жүргізетін талдаулар арқылы, сондай-ақ Қарашығанақ кен орнында үздіксіз режимде жұмыс істейтін санитарлық қорғау аймағының периметрін бойлай орнатылған 18 экологиялық мониторинг станциясының (ЭМС) көмегімен ауа сапасына мониторинг жүргізеді. Әрбір ЭМС-да ауа құрамындағы ( $H_2S$ ) күкіртсутегін, ( $SO_2$ ) күкірт диоксидін, ( $NO_2$ ) азот диоксидін, ( $CO$ ) көміртек оксидін бақылауға арналған (4) талдағыш орнатылған. Ауада шығарындылардың жоғары концентрациясы анықталған жағдайда ЭМС-да ескерту дабылы іске қосылады.

## БИОАЛУАНТҮРЛІЛІК

Биоалуантүрлілікті сақтауға бағытталған іс-шаралар жоспары (БСЖ) экожүйенің бұзылуы мен биоалуантүрліліктің жойылуының алдын алуға арналған шаралардың бірі болып табылады. 2020 жылы Биоалуантүрлілікті сақтауға бағытталған 2021–2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары әзірленді.

БСЖ-ның 2021 жылға арналған жұмыс көлемін орындау шеңберінде 2021 жылғы қазанда фауна мониторингі аяқталды, оның мақсаты ҚМГКК фаунасының түрлік құрамы бойынша деректер базасын жаңарту болып табылады. Мониторинг нәтижесінде түрлердің алуан түрлілігінде айтарлықтай өзгерістер байқалмады, демек, мекендеу орталары мен фаунаға келтірілген теріс ықпал да анықталмады.

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АҒАРТУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАР

2018–2021 жылдарға арналған Экологиялық мәдениет пен хабардарлықты арттыру бағдарламасы аясында 2021 жылы келесі негізгі іс-шаралар өткізілді:

- Компания қызметкерлері мен мердігер ұйымдар арасында “Мен қоршаған ортаға қамқор болып өмір сүремін” тақырыбында бейнероликтер сайысы өткізілді. Байқауға қатысушылар өздерінің эко-әдеттерімен, қалдықтарды өңдеу және материалдарды қайта пайдалану бойынша өмірде қолдануға болатын тәжірибелерімен, экологиялық саналылықты қалыптастыру туралы ойларымен бөлісті.
- Экологиялық және энергетикалық менеджмент жүйесі бойынша семинарлар. Қоршаған орта және оған қатысты проблемалар туралы білімдерін арттыру мақсатында өндірістік директорат бөлімдерінің қызметкерлеріне арнап экологиялық және энергетикалық менеджмент жүйесі бойынша оқыту семинарлары өткізілді. 132-ге жуық КПО қызметкері осы семинарда оқып шықты.
- 2021 жылғы жаңа экологиялық кодекс бойынша оқыту курсы. Бұл оқыту семинары КПО қызметкерлерін ҚР жаңа экологиялық кодексінің күшіне енуіне байланысты компания қызметіне қатысты енгізілген негізгі өзгерістермен таныстыру мақсатында өткізілді. 132 КПО қызметкері осы оқудан өтті.
- Техникалық регламенттер бойынша оқыту курсы. Аталған оқыту семинары өндірістік нысандардың қызметкерлеріне арнап олардың тазартылған сарқынды суды қайта пайдалану туралы жаңа жұмыс процедураның ережелері туралы білімдерін арттыру мақсатында өткізілді. Өндірістік директораттың 140 қызметкері осы оқудан өтті.
- “Үйлесімді экологиялық өмір салты” онлайн оқу курсы. Бұл оқу курсының мақсаты – қоршаған орта туралы білімді барлығына қол жетімді ету және сананың экология тұрғысынан өзгеруіне ықпал ету. Оқыту қорытындысы бойынша 40-тан астам КПО қызметкері өздерінің “жасыл” сенімдерін, өз іс-әрекеттеріне деген сенімділіктерін нығайтты, пікірлестермен танысты және экологтар қоғамдастығын құрды.
- “Қоршаған орта туралы ойлануға 5 себеп” оқу видеокурсы. Бұл бейнематериал қызметкерлерге қоршаған ортаға байланысты мәселелердің неліктен соңғы уақытта өзекті болғанын және оның әрқайсымыз үшін қаншалықты маңызды екенін білуге көмектесті. 2 929 КПО қызметкері оқудан өтті.



- “Uralsk Green Forum” IV Халықаралық экологиялық форумы. 2021 жылдың қазан айында КПО 150-ден астам қатысушы қатысқан IV Экологиялық форумды гибриді форматта өткізді. Форумның негізгі мақсаты Батыс Қазақстан облысының тұрақты дамуының маңызды факторы болып табылатын қалдықтарды басқару саласындағы өзекті мәселелерді, қалдықтарды басқару жөніндегі экологиялық заңнаманың жаңа қағидаттарын талқылау, қалдықтарды қайта өңдеу деңгейін арттыру және өңірде “жасыл” бизнесті дамыту болды. Форум аясында Батыс Қазақстан облысы бойынша қалдықтарды өңдеумен айналысатын компаниялардың арнайы көрмесі ұйымдастырылды.
- Жасыл кеңсе пилоттық жобасы. 2021 жылы Орал қаласындағы Құрманғазы және Ақсай қаласындағы Қарашығанақ БО ғимараттарында “Жасыл кеңсе” пилоттық жобасы бастама алды. Жобаның мақсаты – ғимараттардың қоршаған ортаға әсерін азайту, ресурстарды оңтайлы пайдалану принциптерін енгізу және экологиялық өмір салты туралы білім беру. Жоба эко-еріктілер мен мердігерлердің көмегімен сәтті жүзеге асырылды. Жоба аясында 200-ден астам қызметкер оқытудан өтті және кеңселерде қалдықтарды бөлек жинау тәртібі енгізілді.

қамқорлық жасауға және қызметкерлер үшін ең жақсы еңбек жағдайларын жасауға қосқан үлесі үшін беріледі. Байқаудың ең жоғары деңгейлі марапаты корпоративтік әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік саласында неғұрлым үздік нәтижелерге қол жеткізген үміткерге беріледі. КПО компаниясы “Парыз” байқауының келесі үш номинациясы бойынша бас жүлдені иемденді: “Әлеуметтік тұрғыдан жауапты үздік кәсіпорын”, “Еңбекті қорғау тұрғысынан үздік кәсіпорын” және “Экологияға қосқан үлесі үшін”.

- **Еуразияның мұнай-газ индустриясындағы компаниялар арасында экологиялық мәселелер бойынша ашықтық рейтингінде II орын.** Рейтингті ірі тәуелсіз халықаралық экологиялық ұйымдардың бірі Дүниежүзілік жабайы табиғат қоры (WWF) және мұнай-химия өнеркәсібі саласындағы компаниялардың жетекші инвестициялық тобы Sgeon Group ұйымдастырды. Рейтингтің мақсаты Ресейде, Қазақстанда және Әзірбайжанда көмірсутегі ресурстарын тиімді пайдалануды, қоршаған ортаны қорғауды және бизнесті әлеуметтік тұрғыдан жауапты жүргізуді насихаттау болып табылады. Рейтинг критерийлер негізінде жүргізіледі және компаниялардың қызметі туралы көпшілікке қолжетімді деректерге сүйенеді. КПО Қазақстан Республикасының мұнай-газ секторындағы ірі компаниялар арасында елеулі II орын алды.

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МАРАПАТТАР

- **III Республикалық “Жасыл кеңсе – 2021” байқауының жеңімпазы.** “Жасыл кеңсе – 2021” байқауы Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі мен ЕҚЫҰ Бағдарламалар офисінің қолдауымен “Жасыл экономиканы және G-Global-ды дамыту коалициясының” бастамасымен өткізілді. Конкурстың мақсаты – экологиялық өмір салтын, “жасыл” және төмен көміртекті технологияларды алға бастыру, қоршаған ортаға қамқорлықты арттыру, озық тәжірибелер мен үздік технологиялық шешімдерді көпшілікке таныту, сондай-ақ қоршаған ортаға қамқорлықты қалыптастыру үшін қолайлы еңбек жағдайларын жасауды насихаттау. “Жасыл кеңсе – 2021” байқауына 100-ден астам ұйым қатысты. КПО өнеркәсіптік кәсіпорындар номинациясында жеңімпаз атанды.
- **Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз-2021» республикалық конкурсының Гран-при жүлдесі** “Парыз” жүлдесі – Республиканың ең беделді марапаттарының бірі. Бұл марапат компанияларға халықтың әл-ауқатын арттыруға, әлеуметтік бастамаларды белсенді қолдауға, қоршаған ортаға







# ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУ

Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімге (ӨБТК) қол қойылғаны бері жергілікті қызметкерлерді дамытуға 228 млн АҚШ долларынан астам қаражат жұмсалды. Бұл тренингтерді үздік жергілікті немесе халықаралық ұйымдар КПО оқыту орталығында немесе онлайн форматта өткізді.

2021 жылы КПО компаниясында келесі оқыту және дамыту бағдарламалары жүзеге асырылды:

- Халықаралық сертификаттау бойынша, атап айтқанда:
  1. CIPS дипломы – келісімшарттар жұмыстары мен сатып алу жөніндегі мамандарға арналған CIPS институтының сатып алу және жеткізу саласындағы сертификатталған бағдарламасы
  2. Бизнесті ұйымдастыру және басқару магистрі
  3. Жобаларды басқару бойынша (PMP)® кәсіби сертификаттау
  4. Халықаралық қаржылық есеп беру бойынша АССА дипломы
  5. Американдық мұнай институтының 510, 570, 653, 580, 581 стандарттары бойынша сертификаттау
  6. OPIТО стандарты бойынша ірі төтенше жағдайларды басқару және оларды жою мақсатында алғашқы әрекет ету курсы

7. ISO 45001 – Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасын басқару жүйесі, ISO 31000 – Қауіп-қатерлерді басқару
  8. OHSAS 18001 стандарты бойынша ЕК, ҚТ және ҚОҚ бойынша аудит
  9. IWCF – Ұңғымалық жұмыстарды басқару / Газдың, мұнайдың, судың байқалуы кезінде ұңғымадағы қысымды қадағалау;
  10. NEBOSH Халықаралық сертификаттау
  11. Opiто бойынша сертификатталған аудитор
  12. Дәнекерлеу мамандарын сертификаттау
  13. Бұзбай сынау/бақылау бойынша сертификаттау
- Кәсіби және жұмысқа қатысты арнайы оқытулар
  - Техникалық және ЕК, ҚТ және ҚОҚ бойынша міндетті оқыту;
  - Тіл үйрену курстары – қазақ және ағылшын тілдері;
  - OPIТО стандартына сәйкес өндіріс операторлары мен техникалық қызмет көрсету техниктеріне арналған кәсіби даму бағдарламасы.



## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Еңбек қатынастары – бұл лауазымдық міндеттерін жеке орындағаны үшін еңбекақы алатын қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы келісімге негізделген қатынастар. Еңбек қатынастарына кіріскен қызметкер еңбек заңнамасына бағынуға міндетті, ал жұмыс беруші заңға, ұжымдық шартқа немесе жеке еңбек шартына сәйкес еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге міндетті.

Еңбек қатынастары секторының негізгі қызметі:

- Қызметкерлердің өкілдері, яғни Кәсіподақ ұйымдармен жан-жақты жұмысты үйлестіру және жүзеге асыру, бұған жұмыс беруші мен қызметкерлер өкілдерінің арасында келіссөздер жүргізу және келіссөздерді қолдау да кіреді;
- Қызметкерлерді тиімдірек еңбек етуге ынталандыру және оларды қол жеткізген табыстары үшін көтермелеу бойынша шаралар жүйесін жүзеге асыру;
- Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігі және еңбек ресурстары бойынша саясат шеңберінде (“KAZENERGY”, “Парыз” және т.б.) республикалық сайыстар мен іс-шараларға қатысу үшін қажетті құжаттар пакетін дайындау.
- Еңбек дауларын және жұмыстағы тәртіп мәселелерін шешу процесін, оның ішінде Компанияның келістіру комиссиясы шеңберінде бақылау және басқару;
- Әлеуметтік тұрғындан осал қызметкерлерге, сондай-ақ жедел медициналық көмекке мұқтаж қызметкерлерге және олардың отбасы мүшелеріне алғытөлем, материалдық көмек беруге өтініштерді алқа болып қарау бойынша жұмыс.

## КӘСІПОДАҚТАРМЕН ЖҰМЫС

Ұжымдық келіссөздер – компания жұмысының маңызды бөлігі. Кәсіподақтар әлеуметтік және еңбек қатынастарының түрлі бағыттары бойынша ұжымдық шарттардың жобаларын әзірлейді және қызметкерлердің еңбек жағдайларын жақсарту мақсатында Компаниямен келіссөздер жүргізеді.

КПО қызметкерлерінің мүдделерін үш кәсіподақ қорғайды:

- «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы қызметкерлерінің жергілікті кәсіподақ ұйымы» ҚБ;
- «Қарашығанақ КПО және мердігер ұйымдар қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ;
- «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.», «TRUST» және мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің жергілікті кәсіподақ ұйымы» ҚБ.

2021 жылдың соңында кәсіподақтар мен КПО арасында 2022–2024 жылдарға арналған жаңа ұжымдық келісім-

шартқа қол қойылды. КПО ұжымдық шарты, кәсіподақтағы мүшелігіне қарамастан, барлық КПО қызметкерлерін қамтиды.

Компанияда кері байланыстың бірнеше жолдары бар: кадр бөлімімен тікелей немесе кәсіподақ арқылы, сондай-ақ анонимді «жедел желі» арқылы хабарласуға болады. 2021 жылы кадр бөліміне шағымдарды қоса санағанда барлығы 97 өтініш түсті. Келіп түскен шағымдар еңбек тәртібін бұзу, жұмысқа орналасу, жанжалдарды шешу, қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, мердігерлік ұйымдардың қызметкерлеріне қатысты орынсыз мінез-құлық көрсету сияқты мәселелерге қатысты болды. Түскен барлық шағымдар қаралды және шешілді, оның ішінде сотқа дейінгі іс жүргізу кезінде және келістіру комиссиясында қаралмас бұрын.

## ЕҢБЕКАҚЫ ЖӘНЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР

Компания өз қызметкерлерін бағалайды, және бәсекеге қабілетті жалақы мен түрлі жеңілдіктер беруді қоса алғанда лайықты еңбек жағдайларын жасауға тырысады.

КПО Компаниямен еңбек шартын жасасқан барлық қызметкерлерге жеңілдіктер пакетін ұсынады. Аталмыш пакет жұмысқа орналасу шарттарының ажырамас бөлігі және ақшалай және ақшалай емес сыйақылардан тұрады.

Компания жыл сайын қызметкерлердің еңбекақысын көтеруді ұсынады, оның ішінде жыл басындағы еңбекақыны өсіру, жылдық жұмысты орындауды бағалау бойынша бонус, сондай-ақ дербес еңбекақыны өсіру және қосымша бір реттік төлемдер бар.

Ақшалай емес сыйақылар қызметкерлердің тиімділігі мен моральдық жағдайын сақтап тұру үшін өте маңызды. КПО-да қызметкерлерді марапаттаудың әртүрлі тәсілдері бар, мысалы корпоративтік іс-шараларға, жеке көрсеткіштер бойынша марапаттау салтанаттарына және кәсіби мереке-лерге қатысу, сонымен қатар мақтау қағаздарымен, алғыс хаттармен марапаттау және т.б.

Еңбек өнімділігі көрсеткіштерін тұрақты жақсартып тұру мақсатында Компанияда жыл сайын жүргізілетін қызметкерлердің жұмысты орындауын және дамуын бағалау тәртібі бар. Бұл кемінде алты ай Компаниямен еңбек шартын жасасқан Қазақстандық қызметкерлерге қатысты.




# ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫМЕН СЕРІКТЕСТІК

ЖОО мен жұмыс берушілер арасындағы ынтымақтастық жас мамандарды даярлау мен бейімдеуге ықпал ететін ұзақ мерзімді өзара тиімді қызмет ретінде қарастырылады.

КПО-да университеттермен өзара әрекеттестік Студенттік тәжірибе бағдарламасы аясында, тиісті келісімшарттарға қол қойылғаннан кейін жүзеге асырылады. 2021 жылы 6 оқу орындарының 17 мамандығы бойынша 39 студент КПО-ның түрлі бөлімдерінде практикалық және дипломалды тағылымдамадан өтті. 2013 және 2021 жылдар аралығында Компания осындай студенттік тағылымдамадан өткен 172 адамды жұмысқа қабылдады.

3-сызба. 2019-2021 жылдары КПО-да тағылымдамадан өткен студенттер саны.



# ЕҢБЕКТИ ҚОРҒАУ, ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖӘНЕ ӨНДІРИС ТҰТАСТЫҒЫ

Біздің мақсатымыз жарақат алу қаупін барынша азайтуға қол жеткізу және оқыс жағдайлар зардаптарын барынша азайту. Қауіпсіздік техникасын қамтамасыз ету КПО-ның ең басты мақсаты.

Өткен жылы КПО мен мердігер ұйымдардағы Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі (ЕЖОЖ) 0,03, ал Есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі (ЕАОЖ) 0,09 көрсетті.

Жол-көлік оқиғаларының жиілігі (ЖКОЖ) көрсеткіші – 0,00.

Жыл бойы Компания жазатайым оқиғалардың алдын алуды қамтамасыз ететін, профилактикалық шаралар арқылы жойылуы мүмкін ықтимал қауіп-қатерлерді анықтау дағдыларын арттыруға ерекше назар аудара отырып, өнеркәсіптік қауіпсіздікті және нысандардың тұтастығын қамтамасыз


ететін механизмдерді жетілдіруге бағытталған жұмысын жалғастырды. Әзірленген алдын-алу шараларының сенімділігі, осал жерлерін анықтау мақсатында бірнеше рет диагностикадан өтті.

ЕЖОЖ – Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар = өліммен аяқталған оқиғалар + Еңбек ету қабілетін уақытша жоғалтуға әкелген оқиғалар (ЕУЖО).


ЖЕЖ – жалпы есепке алынатын жарақаттар = өліммен аяқталған оқиғалар + Еңбек ету қабілетін уақытша жоғалтуға әкелген оқиғалар (ЕУЖО) + еңбек ету қабілеті шектелген жағдайлар (ЕШЖ) + медициналық көмек көрсетілген жағдайлар (МКЖ)

ЫЖО – Ықтималдылығы жоғары оқиғалар.

4-сызба. 2021 жылғы ЕЖОЖ, ЖЕЖ, ЫЖО жиіліктері



5-сызба. 2021 жылғы ЖКО жиілігі







2021 ЖЫЛЫ ҚАРАШЫҒАНАҚ ЖОБАСЫНДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ ҮЛЕСІ 68,6%-ҒА ЖЕТТІ (564,3 МЛН АҚШ ДОЛЛ.). КПО-НЫҢ ТАУАРЛАРДЫ, ЖҰМЫСТАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ САТЫП АЛУ ШЫҒЫНДАРЫНДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУДЫҢ ЖАЛПЫ ҮЛЕСІ 8,85 МЛРД АҚШ ДОЛЛАРЫНАН АСТЫ.





## ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУДЫ ДАМУ

КПО Қарашығанақ кен орнын игеруде жергілікті қамтуды басынша арттыру үшін бар күшін салып келеді. Бұл шаралар қолданыстағы мемлекеттік және өнеркәсіптік бағдарламаларға сәйкес жүзеге асырылып келеді. 1997 жылы ӨБТК қол қойылғалы бері КПО-ның тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу шығындарындағы жергілікті қамтудың жалпы үлесі 8,85 млрд АҚШ долларынан асты.

**6-сызба. КПО компаниясының жергілікті қамту бойынша жалпы пайыздық көрсеткіштері**



КПО сатып алынатын тауарлардағы жергілікті қамту деңгейін арттыруға күш-жігерін жұмылдырады: СТ-KZ сертификатымен расталған, 8,6% ЖҚ үлесі бар жергілікті кәсіпорындарда өндірілген тауарларға төленген жалпы сатып алудың 17,7%-ы (26,7 млн АҚШ доллары).

2016 жылдан бері құны 139,8 млн АҚШ доллары болатын тауарлардың 39 категориясы, және құны 643 млн АҚШ доллары болатын жұмыстар мен қызметтер түрлері жергіліктендірілді.

2021 жылғы КПО жергілікті қамтуды дамыту бағдарламасының нәтижелері:

- Қарашығанақ жобасындағы жергілікті қамту үлесі 564,3 млн АҚШ долларына (68,6%) жетті.
- Жалпы құны 59,7 млн АҚШ долларын құрайтын тауарлардың 18 категориясында Жергіліктендіру бойынша 51 келісімшарт берілді.
- OEM (бірегей құрал-жабдықтар өндіруші) тауарлар өндірісін жергіліктендіру бойынша 5 жол картасына қол қойылды.
- Бірлескен кәсіпорын құру бағытында құны 230,2 млн АҚШ долл. болатын 6 келісімшартқа қол қойылды.
- КПО талаптарына сәйкес бірлескен кәсіпорын аясындағы жұмыстар мен қызметтерге 6 тендер жүргізіліп жатыр.


2021 жылы COVID-19 індетінің таралу қаупі мен оның кәсіпорын қызметіне тиетін ықпалына байланысты КПО-ның қоғамдық іс-шаралары (форумдар, семинарлар және т.б.) QazIndustry, KazService, Petrosouncil және Өкілетті органмен бірлесіп, онлайн-вебинар түрінде өткізілді.



2021 жылы КПО жалпы 15 ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ШЕҢБЕРІНДЕ ҚҰНЫ 26,26 МЛН АҚШ ДОЛЛАРЫ БОЛАТЫН 8 ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАНЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ЖАҢА ІРІ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ЖӘНЕ АЛДЫҒЫ ЖЫЛДАРДА БАСТАЛҒАН ЖОБАЛАРДЫ ЖОСПАРЛАНҒАН МЕРЗІМ ШЕҢБЕРІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРА АЛДЫ.



# ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ҚОЛДАУ



2021 жылы КПО жалпы 15 әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаны іске асыру шеңберінде құны 26,26 млн АҚШ доллары болатын 8 әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаны, оның ішінде жаңа ірі ұзақ мерзімді және алдыңғы жылдарда басталған жобаларды жоспарланған мерзім шеңберінде жүзеге асыра алды.

## 2021 ЖЫЛЫ ОРАЛ ҚАЛАСЫНДАҒЫ КПО АЯҚТАҒАН ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАР:

- БҚО Теректі ауданы Подстепное ауылында 160 көрерменге арналған дене шынықтыру және сауықтыру орталығын салу;
- Орал қаласында 1500 орындық көпбейінді мәдениет сарайын салу;
- БҚО Жәнібек ауданы Жәнібек ауылында 160 көрермендік дене шынықтыру және сауықтыру орталығын салу;
- БҚО Орал қаласының солтүстік-шығыс бөлігінде монолитті каркас схемасы бойынша 9 қабатты №6 көппәтерлі тұрғын үйдің құрылысы (сыртқы инженерлік желілерсіз және абаттандырусыз);
- БҚО Орал қаласы Зашаған кентінде балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт мектебінің ғимаратын салу;
- БҚО Казталов ауданы Жалпақтал ауылында 160 көрермендік дене шынықтыру және сауықтыру орталығын салу;
- БҚО Шыңғырлау ауданы Шыңғырлау ауылында 170 көрерменге арналған дене шынықтыру және сауықтыру орталығын салу;
- Ақсай ауруханасының жедел көмек көрсету мүмкіндіктерін жетілдіру (Аурухананы жаңғырту):

	2019	2020	2021
Жобалардың жалпы саны	26	21**	15**
Аяқталған жобалар	3/23*	6/15*	8/7*
Нақты жұмсалды млн АҚШ доллары	31,32	27,37	26,26

\* жүзеге асыру ұзақтығы бір жылдам астам жобалар (жобаларды келесі жылға көшіру)

\*\* өткен жылдардан көшірілген жобаларды қосқанда



# ЭТИКАЛЫҚ ТӘРТІП

## ТӘРТІП КОДЕКСІ

КПО нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету жүйесі компания ішіндегі нормативтік-құқықтық сәйкестіктің барлық аспектілерін реттейді және оларға басшылық етеді. Нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз етудегі ең негізгі құжат – тәртіп кодексі, бұл – КПО қызметкерлері мен үшінші тараптар үшін дайындалған жалпы ережелер жиынтығы. Аталмыш құжат компания қызметін қорғауды, сонымен қатар компанияның күтетін нәтижелері туралы КПО қызметкерлерін және үшінші тараптарды хабардар етуді көздейді. Сонымен қатар, бұл Кодексте компанияның күнделікті жұмысы, негізгі құндылықтары және компанияның жалпы мәдениеті көрініс тапқан, кодекс сондай-ақ жеткізушілермен, мердігерлермен және басқа да контрагенттермен өзара қарым-қатынас құрудағы Компаниядан тыс ұстанатын ережелер туралы ақпаратты да қамтиды.

## ТӘРТІП КОДЕКСІ МЕН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ БОЙЫНША ХАБАРДАРЛЫҚТЫ АРТТЫРУ ОҚИТУ КУРСЫ

Компания КПО-ның тәртіп кодексінде, парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа және ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықта келтірілген бизнесті жүргізудегі этикалық қағидалары оның барлық қарым-қатынастардың негізі болып табылатын әділ және таза бизнес ортасын құруға ниетті.

Барлық КПО қызметкерлері нормативтік-құқықтық сәйкестік бойынша кіріспе оқыту курсына қатысады. Қызметкерлердің өз міндеттерімен үздіксіз танысу үрдісін қолдау үшін, КПО-ның барлық қызметкерлері осы саясаттармен танысқандығын нормативтік-құқықтық сәйкестікті сақтау декларациясын толтыру арқылы жыл сайын растау қажет.

## ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ ЖӘНЕ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ СӘЙКЕСТІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ БАСҚА ШАРАЛАРЫ

Компанияның нормативтік-құқықтық сәйкестік бағдарламасын қолдау мақсатында тегін, анонимдік және құпия жедел желі 2012 жылдан бастап жұмыс істеп келеді.

Жедел желі қызметкерлер, мердігерлер мен мүдделі тараптар үшін әділ және қауіпсіз жұмыс ортасын қамтамасыз ететін маңызды құрал болып табылады. Желіге дискриминация, жыныстық алымсақтық, мүдделер қайшылығы, қоршаған ортаға зиян келтіру немесе қауіп төндіру және/немесе қаржылық бұзушылық немесе жемқорлық бойынша хабарласуға болады.

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЭТИКАЛЫҚ СӘЙКЕСТІКТЕ ТЕКСЕРУ

КПО ықтимал бизнес серіктестерінің әрқайсысымен байланысты қауіп-қатерлерді анықтау және қауіп-қатер төндіруі мүмкін мәселелерді тиісінше реттеу шараларын айқындау мақсатында 2012 жылы этикалық сәйкестікке тексеру бағдарламасын іске қосты.

Әрбір ықтимал бизнес серіктес меншік, бизнесті басқару және жүргізу, оның ішінде өзінің этикалық іскерлік тәжірибесі туралы ақпарат сұрататын сауалнама алады. Ықтимал серіктес компания туралы корпоративтік ақпаратты растау және бұл компанияның іскерлік тәжірибесі туралы қандай да бір жағымсыз есептердің жоқтығын тексеру үшін КПО Refinitiv World-Check қауіп-қатерлер мен сәйкестік деректер қорын және басқа да халықаралық дерекқорларды (соның ішінде салық және сот жүйелерінің дерекқорлары) пайдаланады. Серіктестердің қойылған талаптарға сәйкестігін, сондай-ақ, қажет болған жағдайларда, қалдық қауіптерді азайтуға қолданылатын тиісті шараларды анықтау мақсатында қауіптерді бағалау жұмыстары жүргізіледі.

Сонымен қатар, КПО өзінің бизнес серіктестерінен КПО-мен жасалған келісімдердегі міндеттемелерді орындау арқылы жемқорлыққа және парақорлыққа қарсы қолданыстағы қазақстандық және халықаралық заңдарға сәйкес жұмыс істеуді талап етеді.

Осы шаралар серіктестерімізге КПО-ның бизнес жүргізуде жоғары этикалық стандарттарды ғана ұстанатынын ескерткеніне сенімдіміз. Біз жемқорлық пен парақорлықты болдырмау мақсатында бизнес серіктестерімізді қолдап, олармен ынтымақтастықта қызмет етудеміз.



**Компания КПО-ның тәртіп кодексінде, парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа және ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықта келтірілген бизнесті жүргізудегі этикалық қағидалары оның барлық қарым-қатынастардың негізі болып табылатын әділ және таза бизнес ортасын құруға ниетті.**

# ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚПЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Қарашығанақ кен орнын дамытумен бірге, КПО жергілікті тұрғындармен қарым-қатынасты нығайту, яғни экономикалық дамуға және өркендеуге қолайлы жағдай жасау арқылы өз қызметтерінен болатын кері әсердің алдын алу немесе барынша азайту, және пайданы арттыру бағытында жұмыстанып келеді. Компанияның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясаттары, стандарттары мен процедуралары Халықаралық қаржы корпорациясының (ХҚК) қызметтер стандарттарына негізделген.

Компанияның маңызды мақсаттарының бірі жергілікті халықпен сындарлы екіжақты қарым-қатынас жүргізу болып табылады. 2021 жылы КПО коронавирус пандемиясы салдарынан болған сапарға шығу шектеулеріне қарамастан жергілікті тұрғындармен қарым-қатынасты жалғастырды. Қарашығанақ кен орнының айналасында орналасқан үш ауылдық округте (Приуральный, Жарсуат және Успен) 9 жиналыс өткізілді, оның 3-і онлайн форматта өтті. Аталмыш жиналыстар барысында КПО мамандары тұрғындарға 2021 жылы жүзеге асырылған жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламалары, қоршаған орта мониторингі бағдарламасы және жергілікті тұрғындарға арналған стипендия бағдарламасының нәтижелері туралы хабар берді. Сонымен қатар, КПО қызметкерлері жергілікті тұрғындарды ауылдарда коронавирустың таралып кетуін болдырмау үшін негізгі санитарлық-гигиеналық ережелерді сақтауға шақырды.

Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан Приуральный, Жарсуат және Успен ауылдық округтерінің тұрғындарын қолдауға бағытталған жергілікті қоғамдастықтарды дамыту бағдарламасы шеңберінде 2021 жылы КПО Бөрлі ауданының егде жастағы 65 тұрғынына “Ақжайық” шипажайына жолдама берді. Ауылдық округтердің тұрғындарына КПО стипендияларын ұсыну бағдарламасы аясында Батыс Қазақстан облысының колледждері мен университеттерінде 7 студент екінші курста оқуын жалғастырды. КПО олардың оқуға жұмсалған шығындарын өтейді және оқудың толық мерзімі бойы ай сайынғы стипендия төлеп тұрады. Сонымен қатар, КПО жоғарыда аталған ауылдардағы мектептерде қоршаған ортаны қорғау мәдениетін, экологиялық түйсікті қалыптастыру және экологиялық мінез-құлық дағдыларын дамыту мақсатында сыныптан тыс экологиялық сабақтар өткізді.

КПО-ның 2021 жылы жергілікті халықпен қарым-қатынас жұмысы бұрынғы Березовка және Бестау ауылдарынан қоныс аударылған тұрғындарға арналған Аралталдағы мектеп пен 100 үйдің айналасында кәріз жүйесін салу жобасын іске асыруға бағытталған болатын.

## ЖЕРГІЛІКТІ ТҰРҒЫНДАРҒА АРНАЛҒАН СТИПЕНДИЯ БАҒДАРЛАМАСЫ:

2020 жылы Батыс Қазақстан облысының колледждері мен университеттеріне оқуға түскен 7 студент өз оқуларын екінші курста жалғастырды. КПО олардың оқуға жұмсалған шығындарын өтейді және оқудың толық мерзімі бойы ай сайынғы стипендия төлеп тұрады.

## ЖАСЫ ҮЛКЕН ТҰРҒЫНДАРДЫ «АҚЖАЙЫҚ» ШИПАЖАЙЫНА ДЕМАЛУҒА ЖІБЕРУ:

КПО Бөрлі ауданының егде жастағы 65 тұрғынына “Ақжайық” шипажайына жолдама сыйлады. Пандемия кезінде болған қатаң санитарлық ережелерге байланысты жолдамалар тек вакцина алған тұрғындарға берілді.

## МЕКТЕПТЕРДЕГІ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ БОЙЫНША САБАҚТАР:

КПО қоршаған ортаны қорғау мәдениетін тәрбиелеу, хабардарлықты арттыру және саналы тұтыну дағдыларын дамыту мақсатында Приуральный, Жарсуат, Успен және Жаңаталап ауылдарының 4 мектебінде сыныптан тыс экология сабақтарын өткізді. Бұл іс-шараларды жергілікті тұрғындар мен оқушылар жақсы қабылдады, ал мектеп әкімшілігі КПО Жергілікті халықпен қарым-қатынас бөлімінің өкілдеріне алғыс білдірді.

## АРАЛТАЛДАҒЫ КӘРІЗ ЖҮЙЕСІ

2021 жылы КПО бұрынғы Березовка және Бестау ауылдарынан қоныс аударушы тұрғындарына арнап салынған Ақсай қаласының Аралтал шағын ауданындағы 100 үй мен мектептің айналасында кәріз жүйесін салу жобасын іске асырды.


Құрылыс жүзеге асырылған алты ай ішінде, яғни 2021 жылдың маусымынан желтоқсанның соңына дейін, КПО-ның жергілікті халықпен қарым-қатынас бөлімінің қызметкерлері Ақсай қаласының Аралтал шағын ауданының 70 үй иелерімен кездесулер өткізді, олардың барысында олар жоба жайында, оның ұзақтығы туралы сөйлесіп, тұрғындарды құрылыс компаниясының жауапты өкілдерімен таныстырды. Аралтал тұрғындары кәріз жүйесінің жоспарымен және сызбаларымен танысуға, сұрақтар қоюға және құрылыс компаниясына ұсыныстарын айтуға мүмкіндік алды.


Құрылыс жұмыстары барысында КПО жергілікті халықпен қарым-қатынас бөлімі тұрғындармен 97 кездесу өткізді, КПО-ның құрылыс компаниясымен және жергілікті өкілетті органдармен өзара іс-қимылы мен ынтымақтастығының арқасында 94 шағым мен ұсыныс бойынша шаралар қабылданды. Құрылыс компаниясы тұрғындардың тілектері мен пікірлерін назарға алып, жобаны белгіленген мерзімде аяқтады.








«Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.»  
Қазақстандық филиал  
Қазақстан Республикасы  
Батыс Қазақстан облысы Берлі ауданы  
090000 Ақсай қ-сы  
Промышленная Зона көшесі, 81Н құрылысы

 [www.facebook.com/kpobv](http://www.facebook.com/kpobv)

 [www.linkedin.com/kpobv](http://www.linkedin.com/kpobv)

 [www.instagram.com/kpobv](http://www.instagram.com/kpobv)

 [www.vk.com/kpobv](http://www.vk.com/kpobv)

 [www.youtube.com/karachaganak](http://www.youtube.com/karachaganak)